ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ŞŪĞYLA-RADUGA

№26 (6564), 3 сәуір 2026 жыл

Газет 1966 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады

60 жыл Sügyla-Raduga Jambyl audany

Аудан айнасына 60 жыл

# ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ




**Кеше Аса ауылындағы мәдени-демалыс кешенінде «Жеңіс тұғыры – білім мен спорттың биік белесі» атты аудандық «Ұлттық мектеп лигасының» және республикалық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері марапатталды. Салтанатты жиынға аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы арнайы келіп, үздіктерді құттықтап, марапат табыс етті.**

**Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ**

– Республикалық спорт жарыстарынан жеңіспен оралған жасөспірім спортшыларды және аудандық «Ұлттық мектеп лигасының» жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттауға арнайы келдім. Өйткені, жас ұрпақтың спортқа деген қызығушылығын арттырып, үздіктерді лайықты ынталандыру – салауатты өмір салтын қалыптастырудағы маңызды қадамдардың бірі. Спорт – тек денсаулық кепілі ғана емес, тәртіп пен табандылықтың, жеңіске деген жігердің мектебі.

Ауданымызда бұқаралық спортты дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Соның айқын дәлелі – 6500 оқушыны қамтыған «Ұлттық мектеп лигасы». Бұл – ауқымды, тәрбиелік мәні зор жоба. Аталған лига аясында футбол, футзал, волейбол, баскетбол, гандбол, шахмат, тоғызқұмалақ, жеңіл атлетика, үстел теннисі, асық ату және бес асық спорт түрлері бойынша жарыстар жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Жарыстар үш жас ерекшелігі 5-6 сыныптар, 7-8 сыныптар және 9-11 сыныптар арасында өтіп, оқушылар өз шеберліктері мен мүмкіндіктерін көрсете білді.

Аудандық «Ұлттық мектеп лигасының» және республикалық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері – ауданымыздың мақтаныштары. Сіздердің жетістіктеріңіз – қажырлы еңбектің, тынымсыз дайындықтың нәтижесі. Сіздерге алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, ауданымыздың абыройын асқақтатататын азаматтар боларыңызға тілектеспін. Осындай дарынды оқушыларды тәрбиелеп отырған ұстаздарға және әрдайым қолдау білдіріп жүрген ата-аналарға алғысымды білдіремін, – деген өңір басшысы ауданымыздың намысын абыроймен қорғап, республикалық деңгейде жоғары нәтиже көрсеткен жас спортшыларды марапаттады.

→ 2

КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

**Балық шаруашылығы – балықтарды қолдан өсіруге, аулауға және өңдеуге бағытталған сала. Негізгі екі бағытқа бөлінеді. Біріншісі – табиғаттағы, айдын судағы балық қоры болса, екіншісі – қолдан өсірілген балық.**

# БАЛЫҚ – БЕРЕКЕЛІ БИЗНЕС



**Мақсат ЖҰМАБАЕВ**

Соңғы жылдары елімізде қолдан өсірілген балықтардың үлесі артып жатыр. Оған «Балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030» бағдарламасы тың серпін берді. Бұл бағдарлама аясында тауарлы балық өсіру қолға алынды. Балық өндірісі қарқынды дами бастады. Өндіріс көлемі ұлғайды. Сәйкесінше, қараша халыққа сапалы балық өнімдері қолжетімді болды.

Сонымен қатар бұл сала азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Экспорттық тауар ретінде ел экономикасына үлес қосады. Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді. Оны тиімді басқару және дамыту арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, экономикалық пайда табуға және экологиялық тепе-теңдікті сақтауға болады.

Көлі мен өзені көп киелі Жамбыл жері бір кездері балық шаруашылығында бәсі жоғары өңірдің бірі еді. Дегенмен тоқырау жылдары шаруалардың шырайы кетті. Бертін келе ішкі сұраныстың артуы балық шаруашылығы мен өндірісін қайта жандандырды. Бүгінде бұл кәсіпті дөңгелетіп отырғандар некен-саяқ.

→ 2

Таза Қазақстан Экологиялық акция

# АРДАГЕРЛЕР КӨРСЕТКЕН ӨНЕГЕЛІ ІС

**«Таза Қазақстан» – елдегі экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған маңызды бастама. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл шара әр азаматтың өмір салтына айналуы тиіс екенін атап өткен болатын. Бұл бастама қоғамның қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгертіп, тазалықты күнделікті дағдыға айналдыруды көздейді. Президенттің айтуынша, тазалықты сақтау – баршаға ортақ жауапкершілік.**



**Аружан КҮНТУБАЙ**

Шын мәнінде, қоршаған ортаның тазалығы – халық денсаулығы мен өмір сапасының басты көрсеткіштерінің бірі. Мәселен, көгалдандырылған аймақтар ауаның ластану деңгейін төмендетіп, адам денсаулығына зиянды заттардың таралуын азайтады. Ал «тазалық сақталған ортада түрлі жұқпалы аурулардың таралу қаупі де едәуір төмен болатыны дәлелденген», – деседі мамандар. Осы бағытта ауданымызда сенбіліктер тұрақты өтіп, көшелер мен аулалар тазартылуда. «Бір тал кессең, он тал ек» деген аталы сөздің мәні де осында. Сонымен қатар, ағаш отырғызу жұмыстары кең көлемде жүргізіліп, жасыл желек ауа сапасын жақсартып, өңір келбетін көркейте түсуде. Жергілікті тұрғындардың туған жерге деген жанашырлығын арттырып, ортақ іске жұмылуға үндейтін, бірлік пен жауапкершіліктің нақты көрінісіне айналып отыр.

→ 2

№26 (6564)
3 сәуір 2026 жыл

Шұғыла-Радуга Аудандық Қоғамдық-саяси Газеті shugyla.raduga_newspaper www.asaaqparat.kz

Соңы. Басы 1-бетте

# ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ



Келесі кезекті сахна төріне көтерілген облыс әкімдігінің білім басқармасы «Ғылыми-тәжірибелік дене шынықтыру орталығының» басшысы Ардақ Құлжанов аудандық «Ұлттық мектеп лигасында» футбол, футзал, волейбол, баскетбол, гандбол, шахмат, тоғызқұмалақ, жеңіл атлетика, үстел теннисі, асық ату және бес асық спорт түрлері бойынша топ жарып, облыстық іріктеу жарыстарына жолдама алған үздік жас спортшыларға марапат табыстады. Осы орайда Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейі футболдан, волейболдан, футзалдан, №5 Шайдана орта мектебі баскетболдан, Гродеково орта мектебі гандболдан, Еңбек орта мектебі жеңіл атлетикадан, Абай атындағы орта мектеп асық атудан, тоғызқұмалақтан, Б.Момышұлы атындағы мектеп-гимназия бес асықтан, Т.Тоқтаров атындағы орта мектеп шахматтан, үстел теннисінен жалпыкомандалық есепте бірінші орын алғанын айта кеткен жөн.

Жаттықтырушылардың да еңбегі еленді. «Ұлттық мектеп лигасы» ойындарына жас спортшыларды дайындаған жаттықтырушылар – Дидар Мұзбелов, Ғазиз Әмірбаев, Болат Сегізбаев, Ғани Садықов, Руслан Байгелді, Жеңіс Бибазаров, Айбар Қилыбаев, Асхат Галиакпаров, Ердәулет Бейсембиев, Нұрдәулет Қанатбеков, Бекнұр Тәжібаев, Қанат Селеубаев, Медет Батырханов, Асхат Жанабергенов, Сажида Абдуллаева, Асыл Құттыбеков, Ернұр Беркімбаев, Ғазиз Мақыш, Бауыржан Байдәулетов, Бақыт Оңғарбаев, Бақытжан Сүлейменов, Серік Тұрғынов, Алмас Садықов, Мөлдір Сексенбаева, Дана Галиакпарова, Айболат Дайрханов, Мұқан Усивалиев, Ерлан Асанов, Мадияр Сүгіров, Біржан Берікұлы марапат алды.

Салтанатты жиында лига үздіктерімен бірге аудан мақтанышы, дзюдо күресінен жасөспірімдер арасында екі дүркін ел чемпионы Аяла Амангелді марапатталды.

Аудандық кезеңнің жеңімпаздары алдағы уақытта облыстық іріктеу жарыстарына қатысады. Ал облыста үздік шыққан командалар республикалық кезеңге жолдама алады. Аудан намысын облыс деңгейінде қорғайтын жас спортшыларымызға сәттілік тілейміз.

Соңы. Басы 1-бетте

# АРДАГЕРЛЕР КӨРСЕТКЕН ӨНЕГЕЛІ ІС

Күні кеше Ардагерлер үйінде «Таза Қазақстан» акциясы аясында ауқымды сенбілік өтті. Шараға ұйытқы болған Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Сырлыбаев тазалықтың әр азаматқа ортақ міндет екенін ерекше атап өтті. Оның айтуынша, қоршаған ортаның тазалығы – адам денсаулығы мен қоғамның мәдени деңгейін айқындайтын маңызды көрсеткіштердің бірі.

Сенбілік барысында мекеме аумағы толықтай тазартылып, жиналған қоқыстар арнайы орындарға шығарылды. Сонымен қатар, ағаштар әктеліп, жаңа тал көшеттері отырғызылды. Мамандардың айтуынша, ағаштарды әктеу олардың зиянкестерден қорғануына көмектесіп, ұзақ өмір сүруіне ықпал етеді. Ал жаңадан отырғызылған көшеттер болашақта ауаның сапасын жақсартып, қоршаған ортаның экологиялық жағдайын оңалтуға сеп болады. Айта кету керек, бір ғана ағаш жылына ондаған килограмм көмірқышқыл газын сіңіріп, ауаға оттегі бөледі.

Сенбілікке қатысқан ардагерлер тек тазалық жұмыстарымен шектелмей, жастарға үлгі боларлық өнеге көрсетті. Олар бірлік пен ынтымақтың, ортақ іске жауапкершілікпен қараудың жарқын көрінісін танытты.

Соңы. Басы 1-бетте

# БАЛЫҚ – БЕРЕКЕЛІ БИЗНЕС

Өңіріміздe балық өсіруді табыс көзіне айналдырған кәсіпкерлердің бірі – Аса ауылының тұрғыны Шыңғыс Базарбай. Ол былтырғы жылы мемлекеттік қайтарымсыз грантты ұтып алып, 1.5 млн теңгеге үй жағдайында балық өсіруге кірісіпті. Бардық. Көрдік. Тілдестік. Бізбен әңгімесінде балық шаруашылығымен айналысуға не түрткі болғанын, кәсібіне қатысты алдағы жұмыс жоспарын айтты.



– Жасөспірім кезімде балыққа қатты қызығатынмын, құмарлығым бар етін. Балыққа барып, қармақпен ұстап қайтатынмын. Әлеуметтік желілерден адамдардың балық асырап жатқанын көрдім. Мен де ниеттеніп, балық өсірумен айналысамын деп шештім. Содан іске кірісіп кеттім. Өткен жылы балық шаруашылығымен айналысамын деп мемлекеттен қайтарымсыз грант алдым. Сол қаржыға сазан, карп балықтарды, қажетті құрал-жабдықтар мен бассейн сатып алып, үй жағдайында асырап жатырмын. Балықтар 6 айдың ішінде өсуі керек.

Ендігі мақсат – шаруашылықты кеңейту, балықтарды көбейту. Мына жер маған тарлық етеді. Жер телімі керек. Сол жерге балықтарды көбейтіп, өсірсем деймін. Өйтпесек, балықтар бассейнге сыймайды, – деді ол өз сөзінде.

Жамбыл өңірі – балық шаруашылығын дамытуға қолайлы аймақ.

Бұл сала табыстың көзіне айналып, жергілікті кәсіпкерлердің қолдауымен жаңа деңгейге көтеріліп келеді. Кәсіппен айналысуға ниетті ауыл азаматтары мемлекеттік бағдарламалар арқылы қаржылай көмек ала алатынын ескерсе, балық өсірумен айналысу берекелі әрі табысты бизнес екенін түсінеді. Үй жағдайында балық өсіретін асалық кәсіпкер Шыңғыс Базарбайдың әңгімесінен түйген ой осы.

## ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ – МІНДЕТ

# ПАРАҚОРЛЫҚ ҚОРЛЫҚ КӨРСЕТПЕСІН

**Қазіргі таңда қоғам дамуының басты талаптарының бірі – ашықтық, әділдік және заң үстемдігін қамтамасыз ету. Жемқорлық – ел дамуына тұсау болып, халықтың мемлекетке деген сеніміне селкеу түсіретін қауіпті құбылыс. Сондықтан оған қарсы күрес тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.**

Мемлекет басшысы әділетті қоғам құру жолында сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын қалыптастыру қажеттігін бірнеше мәрте атап өтті. Бұл – мемлекеттік қызметтің басты ұстанымдарының бірі. Мемлекеттік қызметші ең алдымен халыққа адал қызмет етуді, заң талаптарын қатаң сақтауды және қоғам мүддесін жеке бастың пайдасынан жоғары қоюды басты қағида ретінде ұстануы тиіс.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың ең тиімді жолы – ашықтық пен есептілікті күшейту, мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін барынша цифрландыру, қоғаммен кері байланысты нығайту. Бүгінде мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі электронды форматта ұсынылып, азаматтардың мемлекеттік органдармен тікелей байланысын азайту арқылы түрлі заңсыз әрекеттердің алдын алуға мүмкіндік жасалуда.

Әрбір азамат заң талаптарын сақтап қана қоймай, қоғамдағы әділдік пен адалдық қағидаларын нығайтуға өз үлесін қосуы қажет.

**Ақжігіт ЖЕТПІСБАЙ,**
**аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің бас маманы.**

JAMBYL AÝDANDYQ
JASTAR RESÝRSTYQ ORTALYǴY

**Аудандық «Жастар ресурстық орталығының» ұйытқы болуымен «MedVolunteer: Салауатты ұлт» атты жаңа әлеуметтік жоба іске қосылды. Қоғам денсаулығын жақсартуды, аурулардың алдын алу және тұрғындар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруды мақсат еткен жоба аясында тұрғындарға тегін медициналық скринингтер жүргізілуде. Атап айтқанда, аудандағы қарт кісілердің, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың үйлеріне барып қан қысымын өлшеу, қандағы қант мөлшерін тексеру, сондай-ақ жалпы денсаулық жағдайын анықтауға бағытталған диагностикалық қызметтер көрсетіледі.**



# ЖАҢА ЖОБА ІСКЕ АСУДА




Сонымен қатар, танымдық семинарлар ұйымдастырылып, білікті мамандар денсаулықты күту, дұрыс тамақтану, аурудың алдын алу және алғашқы медициналық көмек көрсету жолдары туралы пайдалы кеңестермен бөлісуде.

Аталған бастама тек медициналық көмекпен шектелмей, кең ауқымды әлеуметтік қолдауды да қамтиды. Осы жыл аясында Жамбыл ауданында ерікті жастар тобы құрылып, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға азық-түлік себеттерін таратты. Бұдан бөлек, тұрғындардың көңіл күйін көтеру мақсатында көшелерде гүл шоқтары үлестіріліп, жалғызбасты қарттардың үйлеріне барып, аула тазалау және тұрмыстық көмек көрсету жұмыстары жүргізілді. Мұндай игі істер қоғамдағы мейірімділік пен өзара көмек мәдениетін нығайта түсуде.

Бұл бастама – жастардың жанашырлығы мен қоғамға деген жауапкершілігінің айқын көрінісі. Еріктілердің белсенділігі мен шынайы ықыласы өзгелерге үлгі болып, қоғамда ізгілік құндылықтарын кеңінен насихаттауда. Жастардың белсенділігі тек қана әлеуметтік көмектен емес, сонымен қатар қоғамның рухани дамуына, адамдар арасындағы өзара сенім мен бірлікке де үлес қосуда.

Қорытындылай келе, еріктілік – тек көмек көрсету ғана емес, ол – адамгершілік пен азаматтық жауапкершіліктің көрінісі. Осындай игі бастамалар арқылы қоғамда бірлік пен жанашырлық артып, ел болашағының жарқын болуына негіз қаланады. Әрбір жасқа үлгі боларлық әрекеттер мен игі бастамалар – қоғамның тұрақтылығы мен даму жолындағы маңызды тірек.

Осы бағытта жасалып жатқан әрбір қадам біздің ортақ қоғамымыздың гүлденуіне үлес қосады, жастардың белсенділігі мен жанашырлығы арқылы еліміздің әлеуметтік дамуы жаңа белестерге жетеді.

**Жұлдызай ҮШТАН,**
**аудандық «Жастар ресурстық орталығының» жастармен жұмыс жөніндегі маманы.**

ТАРИХИ КЕШЕН



# ҒАСЫРЛАР ҚОЙНАУЫНДАҒЫ ЖАСЫРЫН ӘЛЕМНІҢ СЫРЛАРЫ

**Халқымыздың тарихына куә болып, уақыттың тылсымымен ұштасқан Ақыртас кешені – бүгінге жеткен, бірақ талай құпияны сақтаған бірегей археологиялық мұра. Ғалымдардың қажырлы ізденістері бұл киелі орынды VIII ғасырға тиесілі деп сенімді түрде дәлелдеді. Сол заман Орталық Азияда жаңа мәдени-өркениеттік толқын басталған, ислам діні кең қанат жайған дәуірмен тұспа-тұс келеді.**

**Аружан КҮНТУБАЙ**

Екі мың жылдан астам тарихы бар Таразда, Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Жамбыл облысында көптеген тарихи орындар мен кешендер, ғасырлар мен дәуірлерден бүгінге жеткен ескерткіштер, ескі замандардан қалған құнды жәдігерлер көптеп шоғырланған. Тарихи нысандардың сыры бүгінгі ұрпаққа өз дәуірінің тәлімі, ғибраты мен өнегесін бейнелеп, әсерлі жеткізеді. Әрине, біз өз еліміздегі мұндай тарихи мұралар мен нысандарды толық біле бермейміз. «Ақыртас» сарай кешенін жалпақ жұртшылыққа ғана емес, тіпті күллі әлемге жарияласақ та артық етпейді. Себебі ол киелі мекен мақтауға да, мақтануға да тұрарлық.

Ақыртас несімен құнды, несімен бағалы? Бүгінгі таңда бұл кешен күрделі құпияға толы нысан ретінде Египет кереметтері, Афины Акропольдары, Рим колизейі, Перудегі Майя сарайлары және антикалық аңыздармен деңгейлес құрылыс нысандарымен қатар бағаланатынын айтуға болады.

Мына бір кереметке назар аударайық. Ақыртас кешені бірнеше бөлікке бөлініп, әрқайсысы өз дәуірінің сәулет өнері мен инженерлік шеберлігін көрсетеді. Ең басты бөлік – Ақыртас сарай-бекінісі VIII ғасырда бой көтерген ірі құрылыс. Сарай алдындағы бау-бақша II ғасырдан қалған және тұрғындардың күнделікті өміріне қажетті азық-түлікті қамтамасыз еткен. Тұрғын мекендер мен керуен сарайлары XIII–XIV ғасырларда қызмет еткен, сауда керуендері мен саяхатшылар үшін тұрақ орны болған. Құрылысқа қажетті шикізатты қамтамасыз ету үшін топырақ алу және тас өңдеу карьерлері қарастырылған. Кешеннің сарай мен бекініс бөліктері VIII–XIII ғасырларда салынған және қорғаныс пен әкімшілік қызметтерді атқарған. Қарауыл мұнарасы қаланы күзетудің маңызды элементі болса, қорымдар ерте темір дәуірінен қалған тарих куәгері болып табылады. Ерекше назар аударарлығы – кешендегі су құбырларының жүйесі, ол тұрғын үйлер мен егіншілікті суаруға арналған күрделі инженерлік шешім болып саналады. Барлық бөліктерді біріктіргенде, Ақыртас – ойластырылған, ауқымды және құпияға толы сәулет кешені ретінде тарих сахнасында ерекше орын алады.

Өзіңіз көз алдыңызға елестетіп отырған боларсыз, мұның барлығы қаншалықты көлемді аумақты (территорияны) алып жатқанын. Сол заманның өзінде біздің ата-бабаларымыз сарай мен бекініс салудың, мұнаралар тұрғызудың, су құбырлары жүйесін жасаудың хас шеберлері болған. Сөздің реті келіп тұрғанда айта кетейік, бекіністің өлшемі – 162х139, зерттелген қабырғасының ені 5 метрді құрайды. Құрылыс ортасында ашық аула орналасқан және айналдыра тіреу іргелері тәнті етерліктей...

Сарай 70-ке жуық бөлме мен 15 колонналы галереядан тұрады. Кешен бітеу күйінде өңделген тастардан тұрғызылған. Археологиялық зерттеу жұмысы барысында сарай кешенінің іргетасы мен қабырғалары және ішкі бөлмелері ашылған. Мұнда кезінде су құбырлар жүйесі болғандығы да анықталды. Бұлақ суын сарайдан 3-4 шақырымдай қашықтықта орналасқан су бөгетінде жинаған. Су саз балшықтан жасалған құбырлар арқылы қалаға жеткізілген. Ал сарай ішінде су арнайы қоймаға құйылып, сол жерден үйді-үйге тасымалданған. Ақыртас сыртында тағы да екі су қоймасы табылған. Бұл егіншілікті суару үшін қажет болғаны айтпаса да түсінікті.

Ақыртас сарайының тассандықтары да сан алуан. Құрылыстың сақталған бөлігі зілмауыр тастардан жасалған. Аталған жерде бағана тұғыр тастарын, өңделген бөліктерін, сонымен қатар «Жүрек» және «Ақыр» тәрізді тас блоктары бар. Әртүрлі көлемдегі ішкі ашық аулалы бөлмелер, су сақтайтын хауыздар, айвандар мен дәліздер сарайдың ішкі кеңістігін құрайды. Бұл маңдағы Билеуші сарайына сақтау шатырлары орнатылған. Қарауыл мұнарасы да алыстан көз тартады.

Ақыртас қаласы туралы алғашқы деректі жазып қалдырған адам ретінде XIII ғасырдың басында осы өңірге келген қытай саяхатшысы Чан-Чуньнің есімі аталады. Ол өзінің саяхат күнделігінде: «Жол бойында тастан тұрғызылған қалаға тап болдық. Қызыл түсті тастан қаланыпты. Ежелгі әскери қоныс мекенінің белгілері байқалады» деп қызыға жазған екен. Осыны негізге алып Ақыртас құрылысын зерттеген әлем ғалымдарының да сүйенері осы қытай дерек көзі. Чан-Чуньнің алғашқы жазбасынан кейін бұл алып құрылыс туралы ешқандай дерек көзі айтпайды. Себебі сол Чан-Чуньнің кезінде-ақ бұл ғажайып құрылыс тоқтап қалған еді. Неге соғылмады, не үшін аяқталмады, ол жағы құпия күйінде қалып қойды.

Ресей ғалымы Г.Пацевич «Ғылым Академиясының хабаршысында»: «Осы уақытқа дейін жоспардың ерекшелігі мен ауқымдылығы және «мықтылығы» жағынан, құрылыс барысында тастарды қолдануда Орталық Азия мен Қазақстанның аумақтарында бұл құрылымға әзірге тең келетін «туынды» табылған жоқ» деп жазған. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, сарай кешенін салуды Орта Азияға исламды тарату мақсатында жорыққа шыққан Абу Муслим Кутейбу бастаған. Сепаратистік пиғылда деп айыпталған Кутейбу Бағдадқа шақырылып, өлім жазасына кесіледі. Соған байланысты қала құрылысы тоқтап қалған деген деректер де бар.

Бұдан кейін де Ақыртас туралы қаншама ғалым, зерттеушілер өз ойларын айтып, әртүрлі болжамдар жасаған. Солардың бірі П.Лерх: «Ақыртас салынып бітпеген будда ғибадатханасы» десе, академик В.Бартольд: «Несториан ғибадатханасы деген» атау береді. Ал археолог Т.Басеновтың жазуына қарағанда Ақыртас салынып бітпей қалған ірі бек сарайының іргесі екен.

Бір сөзбен айтқанда, ықылым заманнан сыр шертетін Ақыртас кешені – тарихтың қайнар көзі. Кезінде ғалымдар Ирак пен Сириядағы орта ғасырлық құрылыстармен ұқсастығын аңғарған Ақыртастың қойнауында талай құпия толып жатыр. Тіпті кейбір ғалымдар: «Ақыртас 8 ғасырдың екінші жартысында, яғни 751 жылы қарлұқтар мен араб әскерлері Атлах маңында қытай әскерлерін талқандап, екі мемлекет арасында бейбіт қатынас орныққан кезде салынған. Алайда құрылысы белгісіз себептермен тоқтап қалған. Ұлы Жібек жолында орналасқан Касрибас қаласы Ақыртас болуы мүмкін» деген деректерді де алға тартады.

Қазба жұмыстары Ақыртастың ерекше ойластырылған, күрделі кешен болғанын паш етеді. Мұнда тұрғын бөлмелер, қоймалар, су құбырлары секілді инфрақұрылымдық элементтер табылды. Әсіресе таң қалдыратыны – алып тастардан қаланған іргетасының тереңдігі төрт метрге жетуі. Бұл ғимараттың тек ауқымды ғана емес, сондай-ақ аса ауыр әрі абыройлы болғанын көрсетеді. Мұндай ауқымды құрылыс сол дәуірдегі инженерлік мүмкіндіктердің жоғары болғанын айқын көрсетеді.

Зерттеушілердің пікірінше, Ақыртастың сәулеттік шешімдерінде Таяу Шығыс үлгілерінің әсері байқалады. Кейбір элементтері ежелгі шығыс сарайларымен үндес келеді. Тастың өңделу тәсілі мен құрылыс дәлдігі оның ерекше технологиямен салынғанын дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда, Ақыртас Орталық Азиядағы теңдессіз сәулет туындысы ретінде бағаланады. Тарих пен ғылымның тоғысы, өткен мен бүгіннің арасындағы алтын көпір, әрбір тасында ғасырлар бойы сақталған сыр жатыр.

Тарихи деректер де бұл нысанның көне екенін растайды. 1222 жылы Қытайдан сапар шеккен даос монахы Чан-Чунь өз күнделігінде қызыл тастан тұрғызылған қала туралы жазып кеткен. Ол бұл орынды көне әскери құрылымның ізі бар мекен ретінде сипаттайды. Бұл дерек Ақыртастың ертеден-ақ белгілі болғанын көрсетеді.

Сонымен қатар кейбір зерттеушілер кешеннің құрылысын Құтайба ибн Муслим есімімен байланыстырады. Оның Орта Азияға жасаған жорықтары кезінде осындай ірі сарай кешенін салу басталған деген болжам бар. Алайда қолбасшының саяси себептермен кері шақырылып, қаза табуына байланысты құрылыс аяқталмай қалған деген пікір айтылады. Бұл – ғылыми ортада талқыланып жүрген нұсқалардың бірі.

Өкінішке қарай, уақыт өте келе кешен қатты бүлінген. XX ғасырдың басында жергілікті тұрғындар оның тастарын құрылысқа кеңінен пайдаланған. Тіпті теміржол нысандары мен түрлі ғимараттардың іргетастары осы тастардан қаланғаны туралы деректер бар. Соның салдарынан бүгінгі күні Ақыртастың тек іргетасы мен шашыраңқы тас блоктары ғана сақталған.

Ақыртасқа қатысты түрлі аңыздар мен болжамдар да аз емес. Кейбір пікірлерде оның ерекше энергетикалық орын екені, тіпті ғарышпен байланысты нысан болғаны туралы айтылады. Алайда мұндай тұжырымдар ғылыми дәлелденбеген. Сондықтан оларды тек халықтық таным мен қызығушылықтың көрінісі ретінде қарастырған жөн. Оның ауқымы, құрылыс тәсілі мен жоспарлану жүйесі бүгінгі күнге дейін таңданыс тудырып келеді. Ақыртас өткеннің үнсіз куәсі, адамзат ақыл-ойының, еңбегі мен талғамының тасқа қашалған айғағы деседі. Сол себепті толық ашылмаған құпиялары бар бұл кешенді болашақ зерттеулер үшін маңызды нысан ретінде сақтап отыр.





Шұғыла-Радуга Аудандық Қоғамдық-саяси Газеті
shugyla.raduga_newspaper
www.asaaqparat.kz

ЖАСТАР САЯСАТЫ



**Қазіргі қоғамда жастар – ел дамуының негізгі қозғаушы күші. Сол себепті жастар саясаты кез келген мемлекеттің стратегиялық бағыттарының бірі болып саналады. Елімізде бұл салаға ерекше көңіл бөлініп, түрлі мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылуда. Дегенмен, мүмкіндіктердің артуына қарамастан, жастардың белсенділігі мен мотивациясы әлі де өзекті мәселе болып отыр.**

# МҮМКІНДІКТІ МҮЛТ ЖІБЕРМЕЙТІН БАСТАМА КӨП

Соңғы жылдары Қазақстанда «Жастар практикасы», «Дипломмен – ауылға!», «Жасыл ел» сияқты жобалар іске асырылуда. Бұл бастамалардың негізгі мақсаты – жастарды жұмыспен қамту, кәсіби тәжірибе жинауға мүмкіндік беру және ауылдық аймақтарды кадрлармен қамтамасыз ету.

Аталған бағдарламалар мыңдаған жасқа алғашқы еңбек тәжірибесін алу мүмкіндігін ашты. Алайда, бағдарламаларды тиімді пайдалану деңгейі әртүрлі болып отыр. Жастар арасындағы жұмыссыздық – басты әлеуметтік мәселелердің бірі. Әлемде жастар жұмыссыздығы жалпы деңгейден жоғары, Қазақстанда да жасөспірімдер мен жастар арасында жұмыссыздық проблемасы бар. Бұл әлеуметтік белсенділіктің төмендеуіне және қоғамдағы стресс факторларының артуына әкелуі мүмкін.

Ауыл мен қала жастары арасындағы айырмашылық та маңызды. Қала жастары үшін білім алу, жұмыс табу және өзін-өзі дамыту мүмкіндіктері кеңірек болса, ауылдық жерлерде инфрақұрылым мен жұмыс орындарының саны шектеулі. «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы осы айырмашылықты азайтуға бағытталғанымен, ресми статистика бойынша ауылдық жастардың кейбір салалардағы мүмкіндіктері әлі де жеткіліксіз.

Еңбек нарығы жыл сайын өзгеріп, жаңа талаптар мен мүмкіндіктер пайда болады. Бұл әсіресе оқу орнын жаңа тәмамдаған жас мамандар үшін қиындық тудырады. Көп жұмыс берушілер тәжірибесі бар қызметкерлерді іздесе, түлектер үшін тәжірибе жинау мүмкіндігі шектеулі. Нәтижесінде, жастардың кәсіби әлеуеті толық пайдаланылмай, жұмыссыздық деңгейі артып жатады.

Мемлекет бұл мәселені шешу үшін кешенді шаралар қабылдады. «Жастар тәжірибесі», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты», «Дипломмен – ауылға!» сияқты бағдарламалар жас мамандарға алғашқы еңбек жолын бастауға нақты мүмкіндік береді. Бұл жобалар жастарға теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруға, кәсіби тәжірибе жинауға және тұрақты жұмысқа орналасуға жол ашады.

Жамбыл ауданында да жастар саясатына ерекше көңіл бөлінеді. Аудандық «Жастар ресурстық орталығы» бос жұмыс орындары жәрмеңкелері, кәсіби бағдар беру кездесулері, оқыту семинарлары мен тренингтер ұйымдастырып, жас мамандардың еңбек нарығына бейімделуіне қолдау көрсетеді. Сонымен қатар, жас мамандардың ұсыныс-пікірлерін ескеру мақсатында түрлі кездесулер өткізіледі. Бұл алаңдар жастарға өзекті мәселелерін талқылап, тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Қазіргі жас мамандардан тек дипломмен шектелмей, жан-жақты даму, жаңашыл ойлау, ақпараттық технологияларды меңгеру, бірнеше тіл білу, кәсіби икемділік және сыни ойлау сияқты қасиеттер талап етіледі. Сондықтан әрбір жас маман қосымша білім алу, кәсіби курстардан өту, тәжірибе алмасу бағдарламаларына қатысу арқылы өзін-өзі дамытуға күш салуы тиіс.

Жастар саясатын тиімді жүзеге асыру тек мемлекеттік органдардың міндеті емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Білім беру ұйымдары, кәсіпорындар, үкіметтік емес ұйымдар мен БАҚ үйлесімді жұмыс істеуі қажет. Әсіресе жұмыс берушілердің жас мамандарға сенім артуы маңызды. Алғашқы мүмкіндік – тәжірибесіз маман үшін үлкен мектеп, болашақ кәсіби жолының негізі.

Сонымен қатар, жастар кәсіпкерлігін дамыту да өзекті бағыт. Мемлекет жас кәсіпкерлерге гранттық қаржыландыру, жеңілдетілген несиелер, бизнес жүргізуге арналған оқыту курстарын ұсынады. Бұл жаңа жұмыс орындарының құрылуына және экономиканың дамуына ықпал етеді. Жастардың әлеуетін толық ашу үшін олардың әлеуметтік жағдайына да көңіл бөлу қажет. Тұрғын үй, білім беру, медициналық қызмет көрсету – өмір сапасын арттырудың негізгі факторлары.

Елімізде жастарға арналған бағдарламалар жеткілікті, бірақ олардың тиімділігі әркелкі. Жастардың мотивациясы тек жеке жауапкершілікке емес, әлеуметтік-экономикалық ортаға да тәуелді. Сапалы білім, қолжетімді жұмыс орындары және әлеуметтік қолдау жүйесі қалыптасқан жағдайда ғана жастар толыққанды дамып, ел болашағына нақты үлес қоса алады. Ал жас маманға берілетін алғашқы мүмкіндік – оның кәсіби дамуы мен болашағының кепілі. Жастарға сенім артқан сайын, олар білікті маман, жауапты азамат болып қалыптасады.

**Бақытжан КИКБАЕВ,**
**аудандық «Жастар ресурстық орталығы» директорының орынбасары.**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

# САПАҒА МӘН БЕРГЕН АБЗАЛ

**Мемлекеттік көрсетілетін қызмет – азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік органдар қызметінің маңызды бағыты. Бұл жүйе халықтың күнделікті өмірімен тығыз байланысты болып, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтатын негізгі тетіктердің бірі саналады.**

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заң аясында реттеледі. Аталған салада қызмет көрсету үдерісі ашықтық, қолжетімділік және сапа қағидаттарына негізделіп, азаматтарға тиімді әрі ыңғайлы жағдай жасауға бағытталған.

Бүгінде мемлекеттік қызметтер бірнеше негізгі бағыт бойынша ұсынылады. Атап айтқанда, әлеуметтік қызметтер арқылы азаматтарға жәрдемақылар мен зейнетақылар тағайындалып, түрлі әлеуметтік көмектер көрсетіледі. Азаматтық хал актілерін тіркеу саласында туу, неке қию және қайтыс болу деректері рәсімделеді. Сонымен қатар жер және мүлік қатынастары бағытында жер телімдерін рәсімдеу мен жылжымайтын мүлікті тіркеу қызметтері жүзеге асырылады. Көші-қон және құжаттандыру саласында жеке куәлік пен паспорт беру қызметтері ұсынылса, кәсіпкерлік бағытында лицензиялар мен түрлі рұқсат құжаттары рәсімделеді.

Қазіргі таңда азаматтарға мемлекеттік қызметтерді алудың бірнеше жолы қарастырылған. Атап айтқанда, халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы дәстүрлі түрде қызмет алуға болады. Кейбір қызмет түрлері мемлекеттік органдардың кеңселері арқылы да көрсетіледі. Әсіресе электрондық форматтағы қызметтер уақытты үнемдеп, құжат айналымын жеңілдетуге айтарлықтай ықпал етуде.

Мемлекеттік қызмет көрсету жүйесі бірқатар маңызды қағидаттарға сүйенеді. Ең алдымен, қолжетімділік қағидаты барлық азаматтарға тең мүмкіндік беруді көздейді. Ашықтық пен айқындық қызмет көрсету үдерісінің жариялылығын қамтамасыз етсе, сапалылық қағидаты қызметтердің белгіленген стандарттарға сай орындалуын талап етеді. Ал жауапкершілік мемлекеттік органдардың көрсетілетін қызмет сапасына толықтай жауап беруін білдіреді.

Онлайн қызметтердің саны артып, көптеген анықтамалар автоматты түрде ұсыныла бастады. Бұл өз кезегінде халыққа қолайлы жағдай жасап қана қоймай, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік беруде. Сонымен қатар азаматтардың пікірлері мен ұсыныстары ескеріліп, қызмет көрсету сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

**Әділет МИЗАМБАЙ,**
**Аса ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-іс жүргізушісі.**

ОЙЛАСУ

# Телефон жаңа ғасыр дерті ме?

**Қазіргі қоғамды смартфонсыз елестету қиын. Таңертең оянған сәттен бастап, түнге дейін телефон қолымыздан түспейді. Ол – байланыс құралы, ақпарат көзі, ойын-сауық орталығы. Алайда осы қолайлылықтың артында елеулі мәселе жатыр. Соңғы жылдары мамандар телефонға тәуелділікті жаңа ғасырдың өзекті дерті ретінде қарастыра бастады.**

**Аружан КҮНТУБАЙ**



Зерттеулер бұл мәселенің ауқымы кеңейіп бара жатқанын көрсетеді. Қазіргі мәліметтерге сүйенсек, адамдар күніне орта есеппен 6-7 сағатын экран алдында өткізеді. Оның ішінде әлеуметтік желілерге жұмсалатын уақыт та айтарлықтай көп. Экранға шамадан тыс тәуелділік адамның психикалық және физикалық денсаулығына кері әсер етеді. Мамандар бұл құбылысты Nomophobia деп атайды. Яғни, адамның телефонсыз қалудан қорқуы, өзін жайсыз сезінуі. Бұл психологиялық тәуелділікке айналуы мүмкін. Оның белгілеріне телефонды үнемі тексеру, хабарлама болмаса да қайта-қайта қарау, ұйқы алдында ұзақ қолдану жатады.

Телефонға тәуелділіктің денсаулыққа әсері де аз емес. Ұзақ уақыт экранға қарау көздің шаршауына, көру қабілетінің төмендеуіне әкеледі. Сонымен қатар, омыртқа мен мойынға салмақ түсіп, түрлі аурулардың пайда болуына себеп болуы мүмкін. Телефоннан бөлінетін көк жарық ұйқы гормоны мелатониннің бөлінуін тежеп, ұйқы сапасын нашарлатады. Бұл өз кезегінде адамның жалпы денсаулығына кері әсер етеді.

Әсіресе жастар арасында бұл мәселе өзекті. Әлеуметтік желілер мен қысқа бейнероликтерге тәуелділік уақытты тиімді пайдалануға кедергі келтіреді. Мысалы, TikTok, Instagram платформалары ұзақ уақыт ұстап тұруға бағытталған алгоритмдер арқылы жұмыс істейді. Нәтижесінде жастар уақыттың қалай өткенін байқамай қалады. Бұл жағдай қоғамға да әсер етеді. Тікелей қарым-қатынас азайып, адамдар бір-бірімен бетпе-бет сөйлесуден алыстай бастайды. Отбасылық байланыс әлсіреп, оқу мен жұмысқа деген жауапкершілік төмендеуі мүмкін. Кейбір зерттеулер оқушылардың үлгерімі экран алдында өткізген уақытпен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Дегенмен бұл мәселенің шешімі жоқ емес. Ең алдымен, әр адам телефонды пайдалану уақытын бақылауды үйренуі керек. Мамандар ұйқы алдында кемінде бір сағат бұрын телефон қолданбауға кеңес береді. Сонымен қатар, бос уақытты тиімді өткізу – кітап оқу, спортпен айналысу, жақындармен қарым-қатынас орнату тәуелділіктің алдын алуға көмектеседі. «Digital detox», яғни уақытша телефоннан бас тарту да пайдалы әдеттердің бірі.

Телефон – адам өмірін жеңілдеткен маңызды құрал. Бірақ оны шектен тыс пайдалану жаңа ғасырдың дертіне айналып барады. Сондықтан технологияны саналы түрде қолдану – әрбір адамның өз қолында. Уақытты тиімді пайдаланып, телефонды өзімізге қызмет ететін құралға айналдырсақ, бұл мәселенің алдын алуға толық мүмкіндік бар.

НАШАҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

# ЖАСТАР ЗАРДАП ШЕКПЕСІН



**Қазіргі қоғамда алаңдаушылық тудыратын өзекті мәселелердің бірі – нашақорлықтың таралуы. Бұл әлеуметтік дерт жеке адамның ғана емес, жалпы ұлттың денсаулығына тікелей қауіп төндіреді. Есірткі заттарын қабылдау жеке тұлғаның деградациясына және ағзаның бұзылуына қатты ықпал етеді. Көбіне нашақорлықпен ауыратын адам қоғамға қауіпті қатыгездікке ұшырайды.**

Есірткіні көп қолдану едәуір қаражатты қажет етеді. Дегенмен қаражаттың болмауынан нашақорлар көп жағдайда өз отбасынан, жақындарынан, достарынан қомақты сома алып жатады. Кейіннен тіпті қаражаттың жоқтығынан қылмысқа да баруы жиі кездеседі. Яғни, бір қылмыс екінші қылмысты тудырады. Қылмыстық кодексте есірткі заттарын қолданып, сақтап, сатып, таратушыларға жаза ауыр.

Бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде есірткі заттарын тұтынудың ғана емес, есірткі заттарын тасымалдап, сатып, сақтаудың соңы жауаптылыққа соқтыратынын үнемі түсіндіріп, ескертіп отыру маңызды. Денсаулық – зор байлық дегендей, өмір жарқын, болашақ зор болсын десек, зиянды әдетке әуестенбеген жөн.

**Көркем ҚАРАБЕКОВА,**
**Ақбастау ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-әскери есеп жүргізушісі.**

# АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

## Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі

| лот № | Жер учаскесінің орналасқан жері | Нысаналы мақсаты | Жалпы көлемі, га | алқаптардың құрамы, оның ішінде | | | | Топырақтың сапалық сипаттамасы, орташа балл бонитеті | Сумен қамтамасыз етілуі | Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы | Жалға беру мерзімі, жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | суармалы егістік, га | суарылмайтын егістік, га | жайылым, га | шабындық, га | | | | |
| | Көлқайнар ауылдық округі аумағындағы "Тастөбе" мемлекеттік жер қоры | | | | | | | | | | |
| 1 | Мемлекеттік жер қоры "Тастөбе" учаскесі | шаруа қожалығын жүргізу үшін немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 2,23 | 2,23 | | | | сұр топырақ, 37 | қамтылған | мамандaнған | 5 |
| 2 | Мемлекеттік жер қоры "Тастөбе" учаскесі | шаруа қожалығын жүргізу үшін немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 1,58 | 1,58 | | | | сұр топырақ, 36 | қамтылған | маманданған | 5 |
| 3 | Мемлекеттік жер қоры "Тастөбе" учаскесі | шаруа қожалығын жүргізу үшін немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 18 | 18 | | | | сұр топырақ, 38 | қамтылған | маманданған | 5 |
| 4 | Мемлекеттік жер қоры "Тастөбе" учаскесі | шаруа қожалығын жүргізу үшін немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 8,25 | | 8,25 | | | сұр топырақ, 25 | | маманданған | 5 |
| 5 | Мемлекеттік жер қоры "Тастөбе" учаскесі | шаруа қожалығын жүргізу үшін немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 4,9088 | 4,9088 | | | | сұр топырақ, 40 | қамтылған | маманданған | 5 |
| 6 | Мемлекеттік жер қоры "Тастөбе" учаскесі | шаруа қожалығын жүргізу үшін немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 1,8 | | | 1,8 | | сұр топырақ, 8 | | маманданған | 5 |
| 7 | Мемлекеттік жер қоры "Тастөбе" учаскесі | шаруа қожалығын жүргізу үшін немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 12,42 | 10,8 | | 1,62 | | сұр топырақ, 9 | | маманданған | 5 |
| | **Барлығы** | | **49,1888** | **37,5188** | **8,25** | **3,42** | | | | | |
| | Қарасу ауылдық округі аумағындағы "Пионер" мемлекеттік жер қоры | | | | | | | | | | |
| 8 | Мемлекеттік жер қоры "Пионер" учаскесі | шаруа қожалығын жүргізу үшін немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 5,7992 | 5,7992 | | | | сұр топырақ, 40 | қамтылған | маманданған | 5 |
| 9 | Мемлекеттік жер қоры "Пионер" учаскесі | шаруа қожалығын жүргізу үшін немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 1,199 | 1,199 | | | | сұр топырақ, 37 | қамтылған | маманданған | 5 |
| 10 | Мемлекеттік жер қоры "Пионер" учаскесі | шаруа қожалығын жүргізу үшін немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 5 | 5 | | | | сұр топырақ, 41 | қамтылған | маманданған | 5 |
